

# Тәрбиешілердің жалақысы көбейеді

**Түркістан облысы бойынша бүгінде 1372 балабақша жұмыс істеп тұр. Онда 1-6 жастағы 155 058 бүлдіршін тәрбиеленуде. Облыстағы мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде 13579 тәрбиеші жұмыс істейді екен.**

Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2020 жылдың қаңтарынан 2023 жылдың қаңтарына дейін тәрбиешілердің жалақысы жыл сайын 25%-ға көбейеді. 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап тәрбиешілердің жалақысы тағы 30%-ға өспек. Осылай, еліміздегі 97 мыңнан астам педагогтің жалақысы 2,5 есеге артады.

– Мемлекет басшысының қолдауының арқасында жүзеге асырылатын педагогтердің жалақысын жыл сайын көбейту оң нәтиже берді. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің



кадрлық өлеуетін күшейту мақсатында оларды даярлау, біліктіліктерін арттыру және аттестаттау жүйесін жетілдіру, өлеуметтік мәртебесі мен жалақысын арттыру бойынша министрлік жүйелі жұмыс жүргізуде. Еліміз бойынша мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың

2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды. Әдістемелік кабинеттер жанынан мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтеріне әдістемелік көмек көрсету үшін мобильді топтар құрылды. Ондай топтар біздің өңірімізде де жұмыс атқаруда, – дейді облыстық адами өлеуетті дамы-

ту басқармасының басшысы Дініслам Болатханұлы.

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» бағыты мен мамандығы бойынша кадрлар даярлау елімізде 39 жоғары оқу орны мен 119 колледжде жүзеге асырылады. Колледждер өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдармен бірге «Педагог» кәсіби стандарты негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлейді және оқу бағдарламалары мен жоспарларын жаңартпақ.

Педагогикалық колледждерге қойылатын біліктілік талаптары қайта қаралып, биыл мектепке дейінгі білім берудің 20 мыңнан астам педагогі біліктілікті арттыру курстарынан өтеді.

**Аяулым ІЗТІЛЕУ,  
М.Әуезов атындағы  
ОҚУ-дың 2-курс студенті.**